

2015 жылға халықтық нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 2 ақпандағы № 124 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 наурызда № 3078 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы әкімінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 267 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы әкімінің 21.01.2016 № 267 хатымен).

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2-тармағына және «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5 бабының 2-тармағына сәйкес, Мақтарал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2015 жылға нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі төмендегідей белгіленсін:

1) 21 мен 29 жас аралығындағы жастар;

2) зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін 50 жастан асқан адамдар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М. А б у о в қ а жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С.Тұрбеков